ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 3 сәуір №7119-25-00-2/2501 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бастамбек» Бастамбек Иманқұл Айдынбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану туралы; тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Бастамбек» Бастамбек Иманқұл Айдынбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Бастамбек» Бастамбек Иманқұл Айдынбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Бастамбек» Бастамбек Иманқұл Айдынбекұлынан «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының пайдасына 7 744 (жеті мың жеті жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығыны 233 (екі жүз отыз үш) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 03.04.2025
Дата вступления в законную силу: 13.05.2025, судья Бакишев А. Б., 15.05.2025
7119-25-3-1/2140

Жеке кәсіпкер «Бастамбек» Бастамбек Иманкүл Айдынбекұлы мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 03.04.2025
Дата вступления в законную силу: 13.05.2025, судья Бакишев А. Б., 15.05.2025
7119-25-3-1/2140